

**«Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**



**БЕКІТЕМІН : *А***  
**Жем қаласының №5 ЖББОМ**  
**директоры :**  
**А.А. Жакасов**  
**«31» тамыз 2024 жыл**

**«Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2022-2025 жылдарға арналған  
мектепті дамыту бағдарламасы**

**Жем қаласы 2024**

## КІРІСПЕ.

Қазақстан күн сайын қарқынды дамып келеді және ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға батыл қадам жасап отыр. Елдің білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Ел үшін маңызды осы стратегиялық міндеттерді шешу жағдайында тұлғаның ынтымақтылығы, шығармашылықпен ойлауы мен дәстүрлі емес шешім қабылдау қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, өмір бойы білім алуға даярлығы – оның басты функционалдық қасиеттері болып табылады. Аталған функционалдық біліктер мектеп және отбасында қалыптасады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзіреттілігіне жоғары талаптар қояды. Осы талаптарға сай мектепте педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін дамыта отырып, оның әлеуметтік мәртебесін көтеретін жүйе құрылу қажеттігі туындап отыр.

Жеке тұлғаның дамуының, өз пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобалар мен шығармашыл ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде мектепте жағдай, қолайлы орта қалыптастыру керек.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар жағдайлар жасау керек.

Мектептегі білім сапасына қойылатын қазіргі заманғы талаптар білім берудің қазіргі заманғы ұлттық үлгісін қалыптастыру мен оны әлемдік білім беру кеңістігіне кіргізуін қажет етеді.



**Жем қаласының №5 жалпы орта мектебінің даму жоспарының басты стратегиялық мақсаты :**

Білім берудің үздіксіз деңгейіне жету үшін білім беру саласындағы негізгі бағыттарды анықтау - сапалы білімге қол жеткізуде білім алушылардың зияткерлік, рухани адамгершілігі жоғары, қоғамда өзін-өзі анықтауға қабілетті, құзыретті, әлеуметтік жетілген тұлға қалыптастыру.

Бағдарламадағы стратегиялық міндеттердің әрқайсысы кешендік сипатқа ие және жалпы білім беру жүйесіндегі негізгі бағыттарды іс жүзіне асыруға бағытталады.

Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өз мектебімізде дамытудың стратегиялық міндеттерін құрастырылып, әзірленді.

**МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ (5 жылға арналып жасалған)  
БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ**

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Атауы                  | 2021-2025 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| Әзірлеу үшін негіздеме | «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2021 жылығы 12 қазандағы №726 қаулысы                                                                                                                                                                                                                                          |
| Негізгі әзірлеуші      | Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ КММ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|                        | <i>Жаһандық құзыреттілік: мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі арқылы білімді, құзырлы, зияткер тұлға тәрбиелеу</i>                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Міндеттері             | 3. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі негізінде білім берудің заманауи сапасын арттыру (мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі туралы акпараттық банк құру);<br>4. Білім беру үдерісіне мектеп әлеуеті өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылау мен зерттеу жұмыстарының жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу;                                                                                   |
| Күтілетін нәтижелер    | - Мұғалімнің кәсіби құзеттілігін дамыту, білім берудің әдіс-тәсілдері мен формаларын, дарынды оқушылардың қызығушылықтарын, теориялық бағдарын айқындау жұмыстарын жүргізу арқылы жалпы білім беретін пәндер бойынша сайыстарға қатысатын оқушылар саны артып, жеңімпаздар көбейеді;<br>- Зерттеу, бақылау, бағалау жұмыстарының нәтижесінде олимпиада резервтері нақтыланады; |
| Іске асыру мерзімдері  | 2021-2025 жылдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

**Бағдарламаның мақсаты**



Мектеп оқушыларының бәсекеге қабілетті, құзіретті, азаматтық қоғамның беделді мүшелері болуға мүмкіндік бере отырып, сапалы білім мен саналы тәрбиелеу арқылы әрбір оқушының жан-жақты дамуына жағымды жағдай қалыптастыру.

#### Бағдарламаның даму кезеңдері

|                         |                                                                                                                                                           |              |
|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| 2021 – 2022 оқу жылдары | Мектеп элитарлық білім беретін оқу бағдарламаларын сапалы меңгертуді қамтамасыз ету және жеке ұлттық құндылықтар негізінде көп мәдениетті тұлға тәрбиелеу | мектеп ұжымы |
| 2022-2023 оқу жылдары   | Педагог қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру және зияткерлік әлеуетін дамыту                                                                       | мектеп ұжымы |
| 2023-2024 оқу жылдары   | Білім сапасын бағалаудың тиімді біртұтас жүйесін қалыптастыру                                                                                             | мектеп ұжымы |
| 2024 – 2025 оқу жылдары | Оқыту үдерісін заманауи білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету                                                                                           | мектеп ұжымы |

Мектептің оқу-әдістемелік кеңесі әзірлейді және қадағалайды; онда мониторинг нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, білім беру саясатының басым бағыттарындағы ықтимал өзгерістер негізінде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға түзетулер енгізу көзделеді.

#### МЕКТЕП ҚЫЗМЕТІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫНА ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

Мекеме толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қаласы, Бейбітшілік көшесі 7.  
Байланыс телефоны: 8 71 334 52-4-21

Ашылу тарихы: 1978 жылы

Бағыты: Жаратылыстану-математикалық бағыты.

Жабдықталуы: 1- Компьютер кабинеті, АӘД және математика, технология (қыз балаларға арналған) кабинеттері, тарих, қазақ тілі, география, биология, физика және бастауыш ғимаратының кабинеттері, 1 – интерактивті панель тақта, 60 орындыққа есептелген акт зал, 1 спорт алаңы жұмыс жасайды.

Кітапхана. Көлемі – 35,9 м<sup>2</sup>, 10 орынға арналған оқу залы, «Оқуға құштар» кабинеті, кітапхана қоры – 36543. Оқырмандар саны - 170.

Асхана. 50 орындық

Оқушы саны: 2024 оқу жылында –168 оқушы. Барлығы 11 сынып комплектісі.



## 2024-ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

2024 оқу жылында мектеп-интернаты «Білім беру үдерісіндегі педагогтардың өзгермелі әлемдегі кәсіби дамуы» тақырыбында жұмыс жоспарын дайындап, арнайы мектепшілік модель құрастырып жұмыс жүргізді.

**Негізгі миссиясы:** көп тілді, сыни ойлауға қабілетті, тәуелсіз, жауапкершілігі мол, әр алуан мәдениетті қабылдайтын және құрметтей алатын, әлемнің тұрақты даму құрылымына белсене араласатын тұлғаны дамытуға негізделген саналы білімді ұсыну.

2024 оқу жылының басында қозғалыс есебі бойынша 168 оқушы болды. **Сынып жинағы – 11 сынып.**

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда 2024 оқу жылында басшылыққа алынған мөлшерлік құжаттар:

1.«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;

2.2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. Нұрсұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022 ж.

### 2024 оқу жылының басымдықтары:

- Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
- Ұлттық құндылық тәрбие;
- Ұлттық тәрбие;
- Отбасылық тәрбие;
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- ➤ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбие;
- ➤ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Жылдық жоспар аталған басымдықтардың негізінде жасалынады. Жұмыс жоспарында айына 3 рет тәрбие сағаты 1 сынып жиналысы жоспарланса, жыл көлемінде оқушылары үшін 102 тәрбие сағаты, 34 сынып жиналысы өткізіледі.

Тәрбие саласында қызмет жасаушы қызметкерлердің құрылымы, оқушылар қауымдастығының әлеуметтік жобасы жасалынып, айқын жұмыстар мен жұмысты ұйымдастырулар ерекшеленген. Діни экстремизмге қарсы іс-қимылды қалыптастыруға бағытталған жоспар, білім беру ұйымдарындағы наркологиялық бекеттер туралы ережені бекіту туралы Заңның орындалуына байланысты жылдық жоспар, Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау бағытында жүргізілетін іс-шаралар жоспары, террористік қорғау және экстремизм идеяларын қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жоспары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңдылығының орындалуына жоспар, тәрбие кеңесінің жоспары, «Нәтижеге бағытталған үштік одақ» ата-аналар мектебінің жоспарлары жасалынып, әрбір бағыт бойынша тәрбиеленушілермен түрлі форматтағы іс-шаралар жүргізілді.



Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру және нәтижеге бағытталған үштік одақ (мектеп, оқушы және ата-ана қауымдастығы) бағыттары бойынша жұмыстар жоспарланып, ұйымдастырылды.

Лауазымдық міндеттерге сәйкес Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы негізінде әр баланың жеке қабілетін, интеллектуалдық дамуын, жеке дарындылығын, талантын, зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында мектепшілік мәдени іс-шаралар және шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда сыныптан тыс 3 үйірме ұйымдастырылды. Мақсаты: үйірме жұмыстары арқылы тәрбиеленушілерінің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қамтылған оқушылардың өмірлік құндылықтарын қалыптастыру, өмірге бейімделуі және іздену-зерттеушілік қызметін арттыру, шығармашылық белсенділігін дамыту.

Әлеуметтік педагог жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау.

Осы мақсатты басшылыққа алып 2024 оқу жылында мектептің әлеуметтік педагогі мына бағыттар бойынша жұмыс жасады:

**1-бағыт** – Балалар мен отбасының мүшелеріне психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістері негізде жұмыс жүргізу

**2-бағыт** – Отбасы мен балаларға нақты әлеуметтік-педагогикалық көмек формаларын ұсыну

**3-бағыт** – Бала тұлғасы дамуының бұзылуы себептерін анықтап, алдын-ала сақтандыру шараларын, үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру;

Мектепке жаңадан қабылданған оқушыларға диагностика жасалып, алынған нәтижелерді талдап, түзету-дамыту жұмыстары және де түзете-дамытып оқытудағы сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын дамытуға бағытталған жұмыстар жасалынды. Ата-аналар мен оқушыларға жеке кеңестер берілді.

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты 2024-оқу жылында мектебімізде жалпы оқушы саны-168 Бастауыш сыныптар 1-4сыныптарда -75. Көп балалы жанұя саны -23/78. Аз қамтылған жанұядағы бала саны 1-11сыныптар арасында-6/9. Жетім балалар саны-2. Толық емес отбасы саны -16/25. Анасы жоқ балалар саны -2/2. Мүгедек балалар саны -3/7. Мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны -0. «Келеңсіз отбасы» тізімінде тұрған саны-1/1. Тегін тамақ ішетін балалар саны 1-11сыныптар бойынша-85

Мектептің психологиялық қызметі 2024 оқу жылында білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсетуді мақсат етіп алған болатын. Жыл бойында психологиялық қызмет 5 бағыт бойынша жұмыс жасады.

1. Психодиагностикалық
2. Ағартушылық
3. дамытушылық
4. Әлеуметтік-диспечерлік
5. Кеңестік

Осы бағыттар бойынша барлығы қатысқандардың 118 жұмыс жүргізілді. Оның ішінде диагностикалық – 27, ағартушылық – 20, дамытушылық –45, әлеуметтік-диспечерлік – 5, кеңестік – 11. Сонымен қатар жеке кеңес-32



Кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда. Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы. Оқушы сана-сезімінде адамзат жүріп өткен тарихи-мәдени әлеуметтік жол кітап арқылы өзінің мән-мағынасымен, барлық қырмен ашылды. Кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы кітапханашылар.

Кітапхана жұмысы жаңалыққа толы құмарлықпен басталады. 2024 оқу жылында осындай көп жаңалықтар мен іс-шара жұмыстары мектептің кітапханасында да өткізілді.

2024 оқу жылына облыстық білім басқармасынан жаңартылған білім бойынша 3,7,8,9-сыныптарға 276 дана оқулық сұранысқа сәйкес алынды.

Тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар, кітап көрмелері онлайн форматында өткізілді. Атап айтатын болсақ:

- «Жаңа кітаптарға шолу»
- «Тіл-ұлт қазынасы»
- «Қазақ даласының ұлы тұлғалары»

Облыстық және қалалық мектеп кітапханашыларына арналған білім беру ұйымдары кітапханашыларының «Оқуға құштар мектеп» жобасына арналған сабақтар өткізілуде.

### Педагог кадр әлеуеті

Мектепте 29 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде: педагог-зерттеуші–6, педагог-сарапшы–8, педагог-модератор–10, санаты жоқ мұғалім үлесі–4 құрады. Магистрлер саны–1

2024 оқу жылында мұғалімдер ұстаздық атқарған еңбектерінің нәтижесінде Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің «Құрмет грамотасы» -1 Ақтөбе облысы әкімінің «Алғыс хатымен» – 6, Ақтөбе облыстық білім және ғылым қызметкерлінің кәсіподақ ұйымының «Құрмет грамотасымен» – 10

### МЕКТЕПТІҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН БАҒАЛАУ

| Кадрлық ресурстар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                            |                                                                     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|
| Ішкі мықты жақтары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Ішкі осал жақтары                                                                                                                                                                                                                                                          | Қолайлы мүмкіндіктер                                                                                                                                       | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)                                        |
| <p>Педагог әлеуетінің жақсы жинақталуы - Педагог-шебер - 0</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Педагог –зерттеуші - 6</li> <li>- Педагог-сарапшы - 8</li> <li>- Педагог-модератор-10</li> <li>- жоғары санатты – 0                             <ul style="list-style-type: none"> <li>- I санатты- 0</li> <li>- II санатты -0</li> </ul> </li> <li>- Санаты жоқ -4</li> <li>- Магистрлер -1</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай жасау</li> <li>- мұғалімдердің тәжірибе алмасуы                             <ul style="list-style-type: none"> <li>- семинар, конференцияларға қатысуы</li> </ul> </li> </ul> | <p>-мұғалімдерді еңбегіне қарай ынталандыру. Тарихи экспедициялық топтарды қаржыландыру, Мәдени ісшараларға, салауаттылықты дамытуды тиімді жоспарлау.</p> | <p>Жас мамандардың теориялық, методикалық тұрғыда дайын болмауы</p> |
| Материалдық-техникалық ресурстар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                            |                                                                     |



| Ішкі мықты жақтары                                                                                                                                                                                                     | Ішкі осал жақтары                                                                                                                                                                                                   | Қолайлы мүмкіндіктер                                                                                                 | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер) |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- Физика,</li> <li>- Химия, - Биология кабинеттерінің жабдықталуы,</li> <li>- IT кабинеті</li> <li>- робототехника - интеллектум кабинеттерінің заманауи жабдықталуы</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- мектеп және интернат ғимараттарының көне болуы, кабинет сандарының аздығы, кабинет тапшылығы,</li> <li>интерактивті тақталардың ескіріп істен шығуы, аздық етуі</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>-Компьютерлерді жаңарту -сынып</li> <li>парталары мен орындықтарын</li> </ul> | Қаржының жетіспеушілігі      |

#### Ақпараттық ресурстар

| Ішкі мықты жақтары                                                                                                                | Ішкі осал жақтары                                                                                                                                                   | Қолайлы мүмкіндіктер                                          | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)                  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>-мектеп сайтының жұмысы</li> <li>Фейбук парақшасы</li> <li>-инстаграм парақшасы</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>өткізілген шаралардың сайтқа уақытында жүктелмей қалуы .</li> <li>Барлық платформалармен жұмыс жүйелі жүргізілмеу</li> </ul> | Пән мұғалімдерінің ақпараттық сауаттылығын арттыру мүмкіндігі | Орталықтандырылған оқу платформасының болмауы |

#### Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар

| Ішкі мықты жақтары                                                                                                 | Ішкі осал жақтары                                                                                                                                                                              | Қолайлы мүмкіндіктер                    | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)                |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|---------------------------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>-мектеп мұғалімдерінің шығармашылық топтарының жұмысын жетілдіру</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>Басқа білім беру ұйымдарымен байланыса отырып, өзара іс- тәжірибе алмасудың жие ұйымдастыру</li> <li>- Мектеп және мұғалім дәрежесін көтеру;</li> </ul> | НЗМ АҚ, ПШО мамандарымен байланыс жасау | Онлайн және офлайн іс-тәжірибе алмасулардың |



|                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                               |                                       |                       |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-----------------------|
| -мектептегі психологиялық ахуалдың жағымды болуын қамтамасыз ету -оқыту үдерісіне жаңартылған әдіс тәсілдерді, лессон стади зерттеулерін, жобалармен т.б. жұмыс түрлерін енгізу.<br>- Пәндерді оқытуды технологияландыру жұмыстары. | мастер-класстар, семинарлар, ғылыми практикалық конференциялар өткізу;<br>-Мұғалім көшбасшылығы мен желілік қауымдастықты дамыту<br>-Пәндерді жоба негізінде оқыту жүйесін қалыптастыру (PBL) | сабақтарын, оқыту семинарларын өткізу | нәтижесіз болатындығы |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-----------------------|

**Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы**

| Ішкі мықты жақтары                                                                                  | Ішкі осал жақтары                                                                                                            | Қолайлы мүмкіндіктер                                                       | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер) |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|------------------------------|
| Мектепте қосымша білім беруді ұйымдастыру арқылы оқушылардың шығармашылық деңгейін көтеру жұмыстары | Облыстық, республикалық олимпиада жеңімпаздарының тұрақты шықпауы - Дарынды балаларды анықтап, қолдау көрсету жүйесін дамыту | Облыстық олимпиада резервтерінің дайындық жұмыстарына оқушыларды қатыстыру |                              |

**Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары**

| Ішкі мықты жақтары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Ішкі осал жақтары                                                                                                                                        | Қолайлы мүмкіндіктер                                                                                                                  | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|
| - «Ұлттық құндылықтар» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатындағы жобалар - Парламент тынысы жұмысы (оқушылардың өзін-өзі басқару) «Жас ұлан» оқушылар қауымдастығының әлеуметтік жобаларымен жұмыс «Адал ұрпақ» еріктілер клубына және «Полицияның жас көмекшілерінің» қатарына оқушы қабылдауды ұйымдастыру Оқушылардың уақытын тиімді пайдалану | Тәуекел топ балаларының тіркеуде болуы;<br><br>Құқық бұзушылықтың болуы ;<br><br>«Нәтижеге бағытталған үштік одақ» ата-аналар мектебі жұмысын жетілдіру, | -Әкелер мектебінің жұмысын жолға қою<br>-Аналар мектебі<br>-Бала тәрбиесіне тікелей қатысты әкелерді мектеп іс-шарасына жиелеп тарту; | Ата-аналардың мектеп-интернатпен байланысқа құлықсыз болуы, жұмыстан босамауы |



|                               |  |  |  |
|-------------------------------|--|--|--|
| үшін барлық жағдай жасалынуы; |  |  |  |
|-------------------------------|--|--|--|

### Мектептің әлеуметтік жағдайы

| Ішкі мықты жақтары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Ішкі осал жақтары                                                                                                                                                                                                                                                         | Қолайлы мүмкіндіктер                                                                                                                                                                                                                                                      | Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)                                                                                                                                                                                        |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- Кейбір әлеуметтік санаттағы, көп балалы отбасы балаларының үлгерімі жоғары болып, олимпиадалардан, жарыс-сайыстардан жүлделі орын алулары;</li> <li>- Қайырымдылық акцияларында демеушілеріміздің тарапынан көмекке мұқтаж отбасы балаларының көмектермен қамтамасыз етілулері;</li> <li>- 1-4 сынып аралығындағы оқушылардың ешқандай әлеуметтік санатына қарамастан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілулері;</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тұрмыс жағдайлары төмен отбасы балаларының көбейіп жатқандығы;</li> <li>- Ата – анасының ажырасуының балаға әсер етуі;</li> <li>- Баласын сенімхатпен туыстарына тастап, өздері жырақта жүретін ата-аналардың көбеюі;</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Аз қамтылған отбасы балаларының мектепке келе алмай, біліммен қамтылмай қалмауларының алдын – алу;</li> <li>- Жекелеген санаттағы балалардың, көп балалы отбасы балаларының жоғары оқу орындарында тегін оқи алулары;</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өгей ата-анамен тұратын балалардың қоғамға, өмірге, адамдарға деген көзқарастары;</li> <li>- Ата-анасы қараусыз қалдырған балалардың қылмысқа көбірек барулары;</li> </ul> |

### МЕКТЕПТІҢ МИССИЯСЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мектептің миссиясы: *сыни ойлауға қабілетті, жауапкершілікті, бастамашыл, құзыретті тұлға тәрбиелеу*

#### МЕКТЕПТІҢ МАҚСАТЫ:

1. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі негізінде білім берудің заманауи сапасын арттыру (мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі туралы ақпараттық банк құру);
2. Білім беру үдерісіне мектеп әлеуеті өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылау мен зерттеу жұмыстарының жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу;
3. Оқушылардың логикалық шығармашылық әлеуетін, танымдық, зерттеушілік интеллектілерін қалыптастыру;
4. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыру үшін оқытудың жаңа заманауи әдіс-тәсілдері қолданылу және білім алушылардың танымдық және жасампаздық қабілеттерінің дамуына бағыттау;

#### МЕКТЕПТІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау, бақылау, бағалау, көмек көрсету, әдістемелік бірлестіктердегі ғылыми әдістемелік жұмыстардың жандануына педагогикалық ықпал жасау.



#### **IV. Мектепті дамытудың басым бағыттары**

- Мектептегі қоғамдастықтың жұмысын күшейту
- Мұғалім құзыреттілігін дамыту
- Дарынды балаларға қолдау көрсету
- Материалдық-техникалық базаны дамыту. Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.

#### **V. Бағдарламаны іске асыру тетіктері**

- Мұғалімнің кәсіби құзеттілігін дамыту
- Мұғалімдердің мәртебесін көтеру және қажеттіліктеріне қарай курстар мен семинарларға, конференцияларға қатыстыруды;
- Басшы, әкімшілік тарапынан үнемі мұғалімді мақтап, марапаттап, қолдау көрсетілуіне назар аудару.
- Ата-аналармен ортақ қарым-қатынасты жақсарту арқылы мектепке жаңашыл көзқарас қалыптастыруды;
- «Оқушы үнін» тыңдау мақсатында, іс-шаралар жүргізіп, мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жақсартуды, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты дамыту;
- Үштік одақтың жұмысын жандандыру;

#### **VI. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

- Оқытудың заманауи тәсілдері қолдану негізінде білім сапасы артады;
- Сабақта және сабақтан тыс уақытта мұғалімдер мен оқушылардың зерттеу құзіреттілігін дамыту арқылы жобалық-зерттеу білім беру ортасы құрылады;
- Оқытудың жаңа педагогикалық, ақпараттық, коммуникациялық технологиялары қолданысқа тереңдете ендіріледі;
- Үздік тәжірибелер мен инновациялар тақырыбындағы әдістемелік алаңдар жұмысы жандандырылады;
- Тәрбие бағытында кәсіби бағдар беру мазмұны мен оны ұйымдастырудың формасы жетілдіріледі.